



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп



№ 28 (388) 24 - 31 шілде, 2016 жыл

Абай аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
(Аудандық басылым тарихы 1935 жылдан бастау алады)

Бағасы келісімді

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АЗАР КҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Алдын ала болжам бойынша биылғы 2016-2017 жылдың қысы былтырғы жылғымен салыстырғанда суығырақ болады. Қар мөлшері жылдағыдан бірнеше есе көп түсіп, ақ түтек боранды, қатты аязды күндер жиі болады деп күтілуде.

Мал азығын даярлау жұмыстарына ерекше назар аударып, қысқы мерзімге жем - шөп қорымен, отынмен қамтамасыз етулеріңіз қажет. Сондай-ақ, ауылдардағы барлық техникалар қысқы мерзімге дайын болуы тиіс.

Сіздерден «Қыстың қамын жазда ойла» дегендей алдағы 2016-2017 жылдағы қыс мерзімінде төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында тыңғылықты дайындық жұмыстарын жүргізулеріңіз сұралады.

Абай ауданының әкімдігі

Брифинг аясында

АҚША МЕН МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ



Ағымдағы жылдың 22 шілдесінде ШҚО бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы Әсем Қадырқызы Тұрлыбековамен өткізілген брифинг барысында мүлктің және ақшаны жария ету Заңындағы өзгерістер, жария ету субъектілеріне берілетін жеңілдіктер мен салықтық жеңілдіктер туралы түсіндірілді.

Әсем Қадырқызының айтуынша, ақшаны жария ету процедурасы барынша жеңілдетілген: «Егер, жаңартылған Заңға өзгеріс енгізгенге дейін жария етілген ақша қаражаттары 5 жыл банктегі шотта сақталуы тиіс еді, қазіргі уақытта жария ету субъектісі ақша заңдастырылған соң өз қалауы бойынша пайдалана алады. Әрине, бұл өзгеріс елді елең еткізді. Егер, бұрын мемлекеттік кірістер органдарына ақшаны жария етуге жүгінулер болмаса, ақшаны жария ету бойынша жеңілдетілген норма енгізілгеннен кейін ағымдағы жылдың 7 айында Әскемен қаласы бойынша мемлекеттік

кірістер басқармасына жалпы сомасы 704 млн. 142 мың теңгеге 7 декларация табыс етілді. Оның 6 декларациясы бойынша ақшаны банктік шотқа салу арқылы жария етті, бір декларация бойынша 500,0 мың теңге 10%-дық алымды төлеумен, яғни, банктік шотқа салмай заңдастырды. Осылайша, жария ету субъектісі ақша қаражаттарды заңдастыруда өзіне ыңғайлы тәсілді қолданады».

Сондай-ақ, Әсем Тұрлыбекова шет елдегі бір жылжымайтын мүлік заңдастырылғандығы туралы айтты.

Брифингті қорытындылай келе, - «Егер жылжымайтын мүлік заңсыз алынса, құқық бұзушылық жасау арқылы алынған ақша, заңды экономикалық айналымнан шығарылған мүлкіңіз болса, онда Жарнаның жеңілдетілген нормаларын, жеңілдіктерді пайдалану қажет. Мемлекет оларды жария ету арқылы «көлеңкеден» шығаруға мүмкіндік беріп отыр, өйткені жалпыға ортақ декларациялау кезінде, мысалға, оның заңдылығын түсіндіре алмайтын немесе осындай объектіні сатып алуға табысыңыз сәйкес келмейтін, өте қымбат тұратын объектіні анықтаса, онда сізбен құзыретті органдар айналысады. Осылайша, облыстың азаматтарына қазір ойланп, қажет болған жағдайда кідіртпей жария ету процедурасымен пайдалану қажет» деді Әсем Қадырқызы.

Қоғамдық қабылдау

ТОЛҒАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОЛЫМДЫ ЖАУАП АЛЫНДЫ

Аудан әлеуетін арттыру бірінші кезекте шаруашылық нысандарын әлеуеттендірумен тығыз байланысты. Бұл ретте Абай елінде ілкімді шаралар жүзеге асырылуда. Десек те, іскер жұртшылық үшін әлі де күрмеулі мәселелер баршылық. Бұл ретте «Нұр Отан» партиясы тарапынан жанды қолдау көрсетілуде. Атап айтсақ, шілденің 26 күні билік партиясының Абай аудандық филиалында қоғамдық қабылдау өткізілді. Бұл жолы қабылдау шарасын облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары міндетін атқарушы Амангелді Уалиев жүргізді.

Ең алдымен облыстық басқармадан келген құзырлы өкілмен кездесу жиыны ұйымдастырылды. Басқосуға ауыл ақсақалдары, шаруа қожалықтары мен ауылшаруашылық құрылымдарының басшылары, жергілікті атқарушы билік өкілдері жиналды. Ал жиынның соңынан Амангелді Ілиясұлы тұрғындарды жеке сұрақтары бойынша арнайы қабылдады.

Жиынға аудандық мәслихат хатшысы Ерлан Лдибаев, аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары Қайырғазы Дүрмекбай, ауданның кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Думан Нариманұлы да қатысқан болатын. Көпшілік алдында кіріспе сөз алған Амангелді Ілиясұлы Республика бойынша ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасы мен Елбасының бес институционалдық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында жүзеге асып жатқан шаралар жөнінде



тоқталып өтті. Сондай-ақ, жер игеру мәселесі бойынша да тоқтала келіп, көпшіліктің осынау салалар жөніндегі ұсыныс-пікірлеріне құлақ түріп, жауап қайыруға дайын екендігін жеткізді. Мәселен, жерді сату немесе жалға беру, аукционға салу жайында туындаған сауалдарды ортақ талқыға салуды ұсынды. Жүздесу барысында ауыл ақсақалдары ауылшаруашылық саласы мен жер мәселесі бойынша сан түрлі сұрақтар қойды. Атап айтсақ, еңбек ардагері Б.Орынбаев, Қарауыл ауылдық бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Ш.Несіпбай, зейнеткер Б.Бейсенбаев, А.Жарасбаевтар сөз алып, пікір білдірді. Өз көзқарастарын еркін жеткізген қариялар шұрайлы жер телімдері жеке меншікке өтер болса, күрделі жағдай туындауы мүмкін екендігін алға тартты. Сонымен қатар, жер үшін туындайтын дау-дамайлар, ауыл маңындағы жайылымдық жерлердің жекенің иелігіне өтіп кетуі, шетелдіктерге суармалы аймақты жалға бермеу керектігі

де сөз болды. Кездесуде бұдан өзге де мәселелер талқыға түсті. Атап айтсақ, қолдарындағы малдарын жоғары бағамен сата алмайтындықтарын жеткізген шаруалар аймақтағы ет экспорты ретке келтірілсе немесе ет комбинаттары салынса деген ұсыныстарын жеткізді. Сондай-ақ, кейбір сала мамандарының біліктіліктерінен күрделі мәселелер туындап жатқандығы да айтылды. Мұнымен қатар, тұрғындар тарапынан жергілікті жерде арзан бағамен жәрменке ұйымдастырылып, мал өнімдері және көкөніс тауарларын сату ісі дұрыс жолға қойылса деген ұсыныс та жасалды. Қойылған сауалдардың барлығына да облыс орталығынан келген мәртебелі мейман тұшымды жауап қайырды.

Ал жиын соңында қоғамдық қабылдау өткізіліп, ауылшаруашылығы саласы мамандары мен қариялар тарапынан айтылған өтініштер қабылданды.

«Абай елі» ақпараты

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ЖАРИЯ ЕТУДІҢ ОРНЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің ШҚО бойынша Департаментімен ұйымдастырған «Азаматтық бақылау» атты мемлекеттік әлеуметтік жобасы аясында «Мүлкті жария ету - сыбайлас жемқорлықтың алдын-алудағы маңызды құралдардың бірі» тақырыбында, ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өндірістік емес төлемдер бөлімінің басшысы Сейльханова Роза Шакировна баяндама жасады.

Конференция барысында, Роза Шакировна, жария ету туралы, оны өткізудің мақсаттары мен себептері, жария етуді жүргізу тәртібі, пайдасы мен тиімділігі, мүлік пен капиталды заңдастырудың қарапайым тәсілдері, жария ету субъектілеріне жеңілдіктер мен салықтық жеңілдіктер жайында айтты.

Өз баяндамасында, тақырыпқа қатысты, Роза Сейльханова келесіні мәлім етті:

«Елбасы айтқандай: «Жария ету – бұл соңғы мүмкіншілік, осыдан кейін ешқандай жеңілдіктер болмайды. Жария ету – бұл жалпыға бірдей декларацияны енгізу алдындағы соңғы мүмкіндік».

Өз алдына, заң, біріншіден, шет елдегі шоттар бойынша мәліметті жасырғаны үшін әкімшілік жазаның қатандауын ұйғарады, екіншіден, шет елдегі мүлкті міндетті түрде декларациялау.

Демек, мемлекеттік қызметшілер мен ұлттық компаниялардың қызметкерлері келесі жылдың басынан бастап мүліктерін декларациялай бастайды. Жалпыға бірдей декларацияға көшудің негізгі мақсаты - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру, көлеңкелі экономиканың

белсенділігін төмендету, сондай-ақ, азаматтардың өмір сүру деңгейінің толық көрінісін алу.

Әзірше, 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін әр қайсымызда өз мүлкімізді, бағалы қағаздарды және ақшаны заңдастыруға уақыт бар. Сондай-ақ, бұл жарна тұрғын үй, оған жалғастыра құрылыстар салған, заңсыз иелікте сая-жай үйлері, гараждары бар жеке тұлғаларға арналған.

Мемлекет қолдап, мүмкіндік беріп отырғанда осы мүмкіншілікті пайдалану қажет, өйткені, мысалға, маңызды сомаға алынған, сіздің қаржылық есептеріңізде көрсетілмеген мүлкті анықтаса, сізбен сөйкес органдар айналысатын болады. Онда айыппұлсыз болмайды. Бүгінде, егер декларация табыс етуге міндеті бар азамат қандай да бір мүлкті жасырып қалса, онда бірінші айыппұл жыл ағымында 250 АЕК құрайды. Егерде тағы да бір дерек анықталса, мысалға, ақшадан басқа қандай да бір жылжымайтын мүлкті декларацияда көрсетпесе, онда әкімшілік айыппұл сомасы екі есеге көбейеді және 500 АЕК құрайтын болады. Бірақ, азамат оның барлығын заңды түрде келгенін дәлелдей алса, әрине, ондай адамға жария ету қажет емес. Жария ету салық салудан бір нәрсені жасыруға негізі барларға керек.

Осылайша, жалпыға бірдей декларацияны енгізген соң, фискалды органдарда субъектінің қандай да бір мүлкінің пайда болу табиғатының заңдылығы жөнінде сұрақтар туындамау үшін, облыстың азаматтарына қазір ойланп, қажет болған жағдайда кідіртпей жария ету процедурасын пайдалану қажет».

НӨМІРДІҢ
АҢДАТПАСЫ

АҚЫЛБАЙДЫҢ ШӨПІМЕТІ АЙДОС
ТҰРАЛЫ БҰЗ ҚІЕ БҰЛЕМІЗ?

4 - бет



СӘУЛЕ ЗӘРЕРКЫЗЫ
АҒЫНДАҒЫ ЖҮЛДЕ

8 - бет



АЙДАРДЫҢ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫ
ЭПИКОМӘДЕНИ ФЕСТИВАЛЬДА

8 - бет



Абай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 94 қаулысы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылғы 22 шілдесінде № 4609 болып тіркелді Абай ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 9 бабының 7), 8) тармақшасына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Абай ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының екі пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін. 2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Аудан әкімі	Т. Мүсәпірбеков
--	-------------------------------

Абай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 95 қаулысы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылғы 12 шілдесінде № 4595 болып тіркелді Абай ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 9 бабының 6) тармақшасына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Абай ауданы бойынша жұмыс орындары санының екі пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін. 2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Аудан әкімі	Т. Мүсәпірбеков
---	-------------------------------

(Соңы. Басы өткен нөмірде) кіріспе жаңа редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1- тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы», 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» қаулыларына, Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:»; аталған шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсетудің Қағидасында: 1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «1. Осы аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы (бұдан әрі-Қағида) Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулыларына, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығына сәйкес әзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындайды.»; 5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат, не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тоқсан сайын, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамына немесе «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталына өтініш береді және Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартының 9 тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.». 2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Сессия төрағасы Абай аудандық мәслихатының хатшысы	Қ. Нұғымаров Е. Лдибаев
--	---

Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 маусымдағы № 3/8-VI шешімі Шығыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8 шілдеде 2016 жылғы № 4593 болып енгізілді «Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және көдеге жарату тарифтерін бекіту туралы» Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы № 24/6-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ: 1.«Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және көдеге жарату тарифтерін бекіту туралы» Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы № 24/6-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 28 қарашада № 3566 болып тіркелген, 2014 жылғы 1-7 желтоқсанда № 44 «Абай елі» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін: аталған шешімнің атауы жаңа редакцияда жазылсын: «Абай ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және көдеге жарату тарифтерін бекіту туралы»; 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «1. Абай ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және көдеге жаратуға келесі тарифтер бекітілсін:». 2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Сессия төрағасы Мәслихат хатшысы	Қ. Нұғымаров Е. Лдибаев
---	---

Постановление акимата Абайского района от 29 июня 2016 года Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 22 июля 2016 года за № 4609 Об установлении квоты рабочих мест для трудоустройства лиц, состоящих на учете службы пробации и освобожденных из мест лишения свободы по Абайскому району В соответствии с подпунктом 14) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктами 7), 8) статьи 9 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О занятости населения», акимат Абайского района ПОСТАНОВЛЯЕТ: 1. Установить квоты рабочих мест для трудоустройства лиц, состоящих на учете службы пробации и освобожденных из мест лишения свободы по Абайскому району в размере двух процентов от общей численности рабочих мест. 2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.	Аким района Мусапирбеков Т.
---	---

Постановление акимата Абайского района от 29 июня 2016 года Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 12 июля 2016 года за № 4595 Об установлении квоты рабочих мест для инвалидов по Абайскому району В соответствии с подпунктом 14) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 1) статьи 31 Закона Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», подпунктом 6) статьи 9 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О занятости населения», акимат Абайского района ПОСТАНОВЛЯЕТ: 1. Установить квоты рабочих мест для инвалидов по Абайскому району в размере двух процентов от численности рабочих мест. 2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.	Аким района Мусапирбеков Т.
---	---

преамбулу изложить в новой редакции: «В соответствии с пунктом 2 статьи 97 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постановлениями Правительства Республики Казахстан от 14 апреля 2009 года № 512 «О некоторых вопросах компенсации повышения тарифов абонентской платы за оказание услуг телекоммуникаций социально защищаемым гражданам», от 30 декабря 2009 года № 2314 «Об утверждении Правил предоставления жилищной помощи», приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 апреля 2015 года № 319 «Об утверждении стандартов государственных услуг в сфере жилищно-коммунального хозяйства», Абайский районный маслихат РЕШИЛ:»; в Правилах оказания жилищной помощи, утвержденных указанным решением: пункт 1 изложить в новой редакции: «1.Настоящие Правила оказания жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам) (далее-Правила) разработаны в соответствии с Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях», постановлениями Правительства Республики Казахстан от 14апреля 2009 года № 512 «О некоторых вопросах компенсации повышения тарифов абонентской платы за оказание услуг телекоммуникаций социально защищаемым гражданам», от 30 декабря 2009 года№2314 «Об утверждении Правил предоставления жилищной помощи», приказом Министра национальной экономики Республики Казахстанот 9 апреля 2015 года № 319 «Об утверждении стандартов государственных услуг в сфере жилищно-коммунального хозяйства» и определяют размер и порядок оказания жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам).»; пункт5 изложить в новой редакции: «5. Для назначения жилищной помощи семья (гражданин, либо его представитель по нотариально заверенной доверенности) ежеквартально обращается в Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» или веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz с заявлением и предоставляет перечень документов согласно пункту 9 стандарта государственной услуги «Назначение жилищной помощи»,утвержденного приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9апреля 2015 года № 319 «Обутверждении стандартов государственных услуг в сфере жилищно-коммунального хозяйства.». 2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.	Председатель сессии Секретарь Абайского районного маслихата К. Нугымаров Е. Лдибаев
---	---

Решение Абайского районного маслихата от 17 июня 2016 года № 3/8-VI зарегистрировано в Департаменте юстиции Восточно Казахстанской области в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 4593 от 8 июля 2016 года О внесении изменений в решение Абайского районного маслихата от 31 октября 2014 года № 24/6-V «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз, захоронение и утилизацию коммунальных отходов по Абайскому району» В соответствии с подпунктом 2) статьи 19-1 Экологического кодекса Республики Казахстан от 9 января 2007 года, подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Абайский районный маслихат РЕШИЛ: 1.Внести в решение Абайского районного маслихата от 31 октября 2014 года № 24/6-V «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз, захоронение и утилизацию коммунальных отходов по Абайскому району» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 28 ноября 2014 года за № 3566, опубликовано в газете «Абай елі» от 1-7 декабря 2014 года № 44) следующие изменения: заголовок данного решения изложить в новой редакции: «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз,захоронение и утилизацию твердых бытовых-хотходов по Абайскому району»; пункт 1 изложить в новой редакции: «1. Утвердить следующие тарифы на сбор, вывоз, захоронение и утилизацию твердых бытовых отходов по Абайскому району:». 2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.	Председатель сессии Секретарь маслихата К. Нугымаров Е. Лдибаев
--	---



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ «KAZSAT-3» ЖЕРСЕРІГІНЕ ҚОСЫЛЫП ҮЛГЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ 7 СЕБЕБІ...

...сондай-ақ «Қазтелерадио» АҚ филиалының директоры Жамақышев Орал Рахымұлы біздің оқырмандарымызға цифрлық телевизияны енгізудің қызықты деректері туралы әңгімелеп береді.

Сұрақ: Орал Рахымұлы, баршаға мәлім болғандай, 2014 жылдың желтоқсанында шетелдік жерсеріктерден ақпараттық сыйымдылықтарды жалға алудан бастарту арқылы елден қаражаттың жсылыстауының алдын – алатын және елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қазақстандық «KazSat-3» жерсерігі іске қосылған болатын. «Қазтелерадио» АҚ телерадио хабарларды таратудың Ұлттық операторы ретінде, сондай-ақ өзінің цифрлық сигналының хабар таратуын отандық жерсерікке көшіруде. Қандай нәтижелерге қол жеткізгендеріңіз жөнінде және осы қошудың маңыздылығы неде екенін айтып берсеңіз?

2016 жылдың 15 наурызынан біз «OTAU TV» жерсеріктік телевизияның абоненттерін отандық KazSat-3 жерсерігіне көшіруді бастадық. Қазақстандық жерсеріктің пайдасына таңдау, экономикалық мақсатқа сәйкестілігімен қабылданған, мемлекеттік органдарды байланыстың тәуелсіз арналарымен қамтамасыз етуден басқа, отандық телерадио арналар өзіндік қаражаттарын айтарлықтай үнемдейді, өйткені шарттар теңгеде жасалады және шетелдік валютаның бағамына байланысты емес, отандық жерсерікте сыйымдылықтарды жалға алу шетелдік жерсеріктерге қарағанда анағұрлым төмен. Осылайша, біз өз еліміздің экономикасының дамуына септігімізді тигіземіз және бұл отандық жерсерікке біздің көшуіміздің қажет болуының бірінші және басты себебі болып табылады.

Бұдан бұрын «OTAU TV» жерсеріктік телевизияның хабар таратуы 2016 жылдың күзінде өз жұмысын аяқтайтын шетелдік жерсеріктен жүзеге асырылды. Қазіргі таңда, «OTAU TV» қызметтерін 1 млн. астам абоненттер қолданады және 2016 жылдың қыркүйегіне дейін олардың әрқайсысы шетелдік жерсерікті өшіргеннен кейін телевизия арқылы ақпарат алудан айырылып қалмау үшін жерсерікті жабдықты қайта күйге келтіруді міндетті түрде жүзеге асыруы тиіс. Бұл екінші себеп.

Сұрақ: Абонент өз бетімен жабдықты қайта күйге келтіре ала ма?

Иә, ол үшін KazSat-3 жерсерігіне абоненттің жабдығын күйге келтіру бойынша оқытушы бейне нұсқаулық-материал дайындалған болатын. Бұл материал Интернет желісінде www.otautv.kz және www.kazteleraudio.kz сайттарында қол жетімді. Егер жанұяда әртүрлі себептер бойынша жабдықты күйге келтіретін адам болмаса, онда абоненттер шарттық негізде күйге келтіретуді жүзеге асыратын авторландырылған дилерлерге білікті көмекті алу үшін жүгінулеріне болады. Олар әрбір ауданда, сондай-ақ барлық байланыстар www.otautv.kz сайтында бар. Бұл қызметтің құны 2000 теңгеден аспайды.

Абоненттердің назарына, өз жабдығын күйге келтіргеннен кейін ол туралы колл-орталықтың: 193 немесе 8(727)2581500 телефондары арқылы міндетті түрде хабарлауы немесе өз дербес шотының нөмірін және телефон нөмірі туралы ақпаратты өз өңірінің сату орталығына қалдыруы тиіс, бұл абонентке кепілді сыйлық алуға мүмкіндік береді. Бұл үшіншісебеп.

Сұрақ: Дилерлер, олардың қызметтері туралы нақтырақ баяндап берсеңіз.

OTAU TV абоненттерінің саны, аталып өткендей, 1 млн. үй қожалығы белгісінен асты, оның 60% ауылдық мекенде орналасқан. Біздің елдің кең географиясын ескере отырып, біз елдің барлық аумағы бойынша орнатуды өз күшімізбен қамтамасыз ету мүмкін емес екендігін өте жақсы білдік. Сондықтан да, дилерлік желіні дамыту шешімі қабылданды. Авторландырылған дилерлер қабылдағыш жабдықты (қабылдағыштарды, антенналарды, конверторларды) жеткізуге, жабдықтың құрастыру мен қайта күйге келтіру жұмыстарын іске асыруға уәкілетті. Дилерлер «Қазтелерадио» АҚ штаттағы қызметкерлері емес – бұл жабдықты орнату және сервистік қызметті көрсету бойынша қызметтерді көрсете отырып, нақты табысқа ие Жеке кәсіпкерлер және Жауапкершілігі шектелуі серіктестер. «Қазтелерадио» АҚ дилердің атқарған жұмыстарынан табыс бөліспейді, тек ресми дилерлер ретінде оларды авторландыра отырып, шағын және орта бизнесті дамыту мүмкіндігін береді. Сәйкесінше, KazSat-3 көшу үшін төлей отырып, сіз тек дилердің қызметтері – оның келуі және қайта күйге келтіру бойынша жұмыстары үшін ғана төлейсіз.

Сұрақ: қосылу үшін өтінішті қалай бертуге болады және шебердің келуін қанша уақыт күту керек?

Жерсеріктік жабдықты қайта күйге келтіру үшін өтінішті бірнеше тәсілдер арқылы қалдыруға болады: жоғарыда көрсетілген нөмірлер арқылы колл-орталыққа қоңырау шалу арқылы; Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша өңірлік абоненттің бөлімге қоңырау шалуы арқылы; немесе www.otautv.kz ресми интернет – ресурсында онлайн-өтінішті қалдыру арқылы.

Бұл өтініштер дилерлер арқылы үлестіріледі және бір – екі күн ішінде шебер Сіздің үйіңізге барады, қайта күйге келтіру үдерісінің өзі жарты сағаттан аспайтын уақытты алады. Бұл қайта күйге келтіру үдерісін ұзаққа созбаудың төртінші себебі.

Алыстағы ауылдық аудандардың тұрғындары бірлесіп, қайта күйге келтіруге өтініш берулеріне болады, осылайша дилер бір күннің ішінде барлық елді мекенде жерсеріктік жабдықты қайта күйге келтіре алады. Егер, елді мекеннің тұрғындарының бірі қайта күйге келтіру үшін өтінішті беру шешімін қабылдаса, ол туралы мүмкіндігінше «OTAU TV» жерсеріктік телевизия орнатылған барлық тұрғындарды хабарлар етіңіз. Осылайша, Сіз дилердің жұмысын жеңілдетесіз және қайта күйге келтіру үрдісін жылдамдатасыз. Дилерге бір – екі өтінішті орындау үшін алыстағы ауылға әрдайым бару қиын болады, ол сондай-ақ көшу мерзімдеріне және қызмет көрсетудің құнына да әсер етуі мүмкін.

Сұрақ: қазақстандық жерсерікке көшкеннен кейін көрермен қандай қосымша артықшылықтарға ие болады?

Біздің абоненттер цифрлық телевизияның кескіні мен дыбыс сапасын бағалап үлгерді. Қосымша, электрондық хабарлар бағдарламасы және Телегазет сияқты сервистер болады. Біздің тараптан тұрақты негізде арналар топтамасының құрамын – олардың сандық және сапалық түрінде жетілдіру бойынша жұмыстар өткізіледі. Қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшу көрермендерге қосымша SD арналарды көруге мүмкіндік береді, сондай-ақ ағымдағы жылдың күзінде ақылы топтаманың пайдаланушыларына қол жетімді болатын HD (айқындығы жоғары арналарын) арналарын көру мүмкіндігін береді. Бұл, қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшіп үлгеру қажеттілігінің бесінші себебі.

Сұрақ: бізге белгілі болғандай, біздің елде цифрлық телевизия толықтай енгізілуде. Нарықта әртүрлі жасағайларда цифрлық, оның ішінде жерсеріктік телевизияға қосылуды ұсынатын операторлар пайда болуда. Сіз өз қызметінің кәсіпқойы ретінде, қарапайым адам таңдауда қалай қателеспеу керек екендігін айтсаңыз?

Негізінде, таңдау әсіресе қалалық тұрғындар үшін өте көп. Мысалға, кәбілдік оператор оңайлықпен бармайтын республиканың шалғайдағы аудандарының тұрғындары туралы айтып кетуге болмайды. Ол түсінікті – бұл оларға коммерциялық тұрғыдан тиімді емес. Қаражатты салу керек, тұрғындардың төлем қабілеттілігі төмен қол жетімділігі аз аудандарда қосылу желісін дамыту керек. Цифрлық телевизия іске қосылғанға дейін шалғайдағы елді мекен тұрғындары 3-4 аспайтын отандық арналарды көргені ешкімге күпия емес. Республикасының шалғайдағы аудандарындағы тұрғындардың ақпараттық теңсіздігінің деңгейін төмендету мақсатында, Елбасының тапсырмасы бойынша елде цифрлық телевизияны өндірудің бірінші кезеңі болып табылатын «OTAU TV» жерсеріктік телевизия іске қосылған болатын. Жерсеріктік телевизия елдің 100% аумағын қамтиды және осылайша барлық қазақстандықтарға еркін қол жетімді 50 астам отандық және ақылы топтаманы қосу барысында 100-ден астам телерадио арналарды ұсынады.

Телевизия операторын таңдау барысында бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының аумағында телевизиялық және (немесе) радиохабар таратуды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетуге лицензияның болуына назар аудару керек. Газеттер мен Интернет жерсеріктік жабдықтың жиынтығын сату және әртүрлі операторлардың, оның ішінде біздің елдің аумағында қызметтерді ұсыну құқығына ие емес операторлардың қызметтеріне қосылу бойынша ұсыныстарымен шұбарлайды. Осылайша, олар Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзады және сонымен қазақстандық телевизияның дамуына бөгет болады. Қазақстандық операторлар болса жаңа жұмыс орындарын ашады және мемлекеттік бюджетке салық төлейді, бұл ретте біздің экономикамыздың және отандық телевизияның дамуына өзінің үлесін қосады. Сонымен қатар, шетелдік операторлардың телетоптамаларында қазақстандық телеарналар жоқ. Жерсеріктік және кәбілдік хабар тарататын қазақстандық оператор өзінің шетелдік әріптестеріне қарағанда қазақстандық та, шетелдік те телеарналарды трансляциялайды. Шетелдік операторды таңдау барысында Қазақстандық азаматтар Қазақстанның ақпараттық кеңістігінен шектеледі.

Таңдау әрқашан қызметтердің тұтынушыларында болады. Алайда, жоғарыда аталғандар отандық өндірісті, отандық телевизияны және Қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшуді қолдау қажеттілігі алтыншы және жетінші себебі болады.

Қызықты әңгімеңіз үшін алғыс білдіреміз!

Назар аударыңыз байқау

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ МИНИСТРЛІГІНІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ АРАСЫНДА ЕҢ ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТТІК ЖҰМЫСТАРҒА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАЙДЫ

«9 желтоқсан – Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күніне» орай, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаменті (бұдан әрі – Департамент) бұқаралық ақпарат құралдары арасында ең үздік журналистік жұмыстарға байқау жариялайды.

Аталмыш іс-шараның негізгі мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдарының үздік жариялымыдары арқылы қоғамдық санаға әсер етіп, жұртшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жоғарлату және құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру болып табылады.

Байқауға республикалық, облыстық және аудандық БАҚ-тар, интернет-порталдардың редакциялары, сондай-ақ жекелеген авторлар, журналистер қатыса алады.

Байқауға 2016 жылғы 1 қаңтардан 30 қарашаға дейін БАҚ-тарда жарияланған мақалалар, теледидардан шығарылған бейнематериалдар мен арнайы бағдарламалар цикльдері қабылданады.

Байқау қазақ және орыс тілдерінде келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

- «Үздік телевизиялық жұмыс»;
- «Үздік баспа жарияланым»;
- «Үздік интернет жарияланым».

Департамент жариялаған байқауға жұмыстар 2016 жылғы 30 қарашаға дейін 070003, Өскемен қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 4 мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаментінде қабылданады немесе 298943@mail.ru электрондық пошта мекен-жайына жолдауға болады. Байланыс тел.: 8 7232 76 51 34.

Байқау туралы ережемен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: vko.kyzmet.gov.kz

Жол полициясы хабарлайды

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, ЖАЯУ ЖҮРГІНШІ!

Бүгінгі таңда Республикамыз бойынша «Назар аударыңыз, жаяу жүргінші!» атты акция өтуде. Аталмыш акцияның мақсаты азаматтарды жол ережесін сақтауға шақыру болып табылады.

Заман талабына сай қазіргі заманды автокөліксіз елестету қиын. Көліксіз еш бір жұмыс атқарылмайды. Бірақ та қазір автомобиль жолдары мен көшелерде жүру қауіпке де айналып отыр. Өкінішке орай, ауданымыздағы жаяу жүргіншілердің жолда жүру мәдениеті өте төмен, жол қозғалысы ережесін қасақана бұзатындар да бар.

Жол жүрісіне қатысушы дегеніміз – жол жүрісі процесіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысатын адам, бұған жол үстіндегі атты адам, ат арба, велосипедші, мопед, мотоцикл, квадроцикл басқаратын адамдар да жатады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі қағидасында» әрбір жол жүрісіне қатысушының міндеттері анық көрсетілген. Көбіне халық бір жағдай бола қалса тек жүргізушіні ғана кінәлап жатады. Негізінде бұл жерде жолдағы жаяу жүргіншінің де елеулі үлесі бар.

Кейбір көшелердің бойында жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар болса да жаяу жүргіншілер жолдың үстімен жүріп жатады. Сондай-ақ, бағдаршамның тыйым салатын белгісіне өтіп кетеді. Ал бұл жайт Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 615 бабының 1 бөлімінде қарастырылады. Бұл ереже бұзу 5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 10605 теңге айыппұл салуға әкеп соғады, екінші рет 10 АЕК 21210 теңге айыппұл салынады. Үшінші рет 15 АЕК 31815 теңге айыппұл өндіріледі.

Ауданымыздағы қайғылы жол-көлік оқиғалары былтырғы жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп тұр. Ағымдағы жылдың 6 айында 2 жол-көлік оқиғасы болып екеуінде де қаза тапқан жолаушылар болды. Әрі екеуінде де көлік басқарған әйел адамдар болып шықты.

Осы ретте жол жүрісіне қатысушыларға – «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауға, бағдаршамның сигналдарын, жол жүрісін реттейтін жол белгілерінің талаптарын орындауға, жол жабыны және бағдаршамдарды, жол жүрісін реттейтін жол белгілерін бүлдірмеуге, адал, әдепті әрекет етуге, мұқият және өзара сыйпайы болуға, жол жүрісі үшін кедергілер мен қауіп келтірмеуге, тәртіпті болуға шақырамыз. Тек сол кезде ғана біздің жолдарымызда жол көлік оқиғалары мен қайғылы жағдайлар болмайды!

ЖОЛ ЖҮРІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР, ЖОЛ БОЙЫНДА ТӘРТІП САҚТАЙЫҚ!

Жол жүрісіне қатысушы дегеніміз – жол жүрісі процесіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысатын адам. Оған жол үстіндегі атты адам, ат арба, велосипедші, мопед, мотоцикл, квадроцикл басқаратын адамдар да жатады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі қағидасында» әрбір жол жүрісіне қатысушының міндеттері анық көрсетілген.

Қазіргі таңда ауданымызда 2679 жеңіл автокөлік, 494 жүк көлігі, 29 автобус, 33 тіркеме, 6 мотоцикл тіркелген. Тіркелмеген көліктер мен тіркелмеген аудан көлеміндегі ауылдарда, шаруа қожалықтарында бар. Ауыл болсын, қала болсын, дала болсын Заң бәріне бірдей. Әр көлік құралы мемлекеттік тіркеуде тұруы керек, тіркелмеген көлікті басқаруға, тіркемені тіркеуге тиым салынған. Анықталған жағдайда жүргізуші мен көлік иесі әкімшілік жазаға тартылып, көлігі ақылы тұраққа құжаттарын рәсімдегенше тұрады.

Кейінгі жылдары көршілес Қытай Халық Республикасынан әкелінген мотоциклдер ауданымыздың ауылдарында және шаруа қожалықтарында көбейіп кетті. Көбі тіркеуде жоқ.

Мотоцикл – қозғалтқышы бар екі немесе үш дөңгелекті көлік құралы. Мотоциклды басқару үшін механикалық көлік құралының жүргізушісі жалпы міндеттерді орындауы керек. Олар - көлік құралын басқару құқығын беретін «А» категориясы бар жүргізуші куәлігі, көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі (техпаспорт), көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі. Бұл құжаттар міндетті түрде болуы керек және де жүргізуші мен жолаушы түймеленген мотошлемде болулары тиіс. Мотошлем болмаған не түймеленбеген болса Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 593 бабы бойынша 5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 10605 теңге айыппұл салынады. Бір жыл ішінде екінші рет орын алса 10 АЕК 21210 теңге айыппұл салуға әкеп соғады. Осы кодекстің 612 бабының 1 бөлімі бойынша өзімен бірге жүргізуші куәлігі, көлік құралына тіркеу және заңнамада белгіленген өзге де құжаттары жоқ жүргізушінің көлік құралын басқарса 5 АЕК 10605 теңге айыппұл салуға әкеп соғады. Екінші рет бір жыл ішінде 10 АЕК 21210 теңге айыппұл салынады. 612 бабының 5 бөлімі басқару құқығы жоқ адамға не көлік құралын басқару құқығынан айрылған адамға көлік құралын басқаруға беру көлік иесіне 50 АЕК 106050 теңге айыппұл салуға әкеледі. Ал, 230 бап бойынша Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес, міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті тұлғаның аталмыш шартты жасасудан жалтаруы – жеке тұлғаларға – 20 АЕК 42420 теңге, лауазымды адамдарға 200 АЕК 424200 теңге көлемінде айып ретінде тағылады. 590 бап бойынша мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) жоқ немесе пайдалануға тыйым салынғаннан кейін немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралын басқару 10 АЕК 21210 теңге айыппұл салуға әкеледі. 613 бап бойынша Ішкі істер органдары қызметкерінің көлік құралын тоқтату туралы заңды талабын орындамау көлік құралдарын басқару құқығынан 1 жыл мерзімге айыруға, ал мұндай құқығы жоқ не одан айырылған адамдарға қатысты 20 АЕК 42420 теңге айыппұл салуға әкеп соғады. Бұл ережелер жол жүрісіне қатысушылардың жалдында болуы тиіс!

Абай ІІБ-нің әкімшілік полиция бөлімі

Абай ұрпағымен жүздесу

АҚЫЛБАЕВЫҢ ШӨПШЕТІ АЙДОС ТУРАЛЫ БІЗ ЖЕ БІЛЕМІЗ?



Бұған дейін абаитанушыларға, соның ішінде Абай мұражайының шырақшыларына да Ұлы ақынның ұрпақтары дегенде ойымызға алдымен оралары Ақылбайдың немересі Бағфурдан тарайтын Айдар мен оның ұлы Данияр болатын. Екеуінің де қазір Алматыда екенінен және нәпақасын мұнай саласынан тауып жүргендерінен хабардармыз.

Жалпы, Ақылбаев Бағфур Әлімқұлұлының Эрнест, Бауэр және Айдар атты үш ұлы болған. Абайдың шөпшектері болып келетін үшеудің ортаншысы – Бауэр дүниеден ерте озыпты. Жоғары білімді биолог ретінде кандидаттық диссертация жаза бастаған екен. Туыстары Бауен атап кеткен одан ұрпақ жоқ. Ал Айдардан Данияр деген ұл, одан Дана, Камила, Меруерт деген үш қыз бала бар.

Сонымен қатар Ақылбайдың Даниярдан басқа тағы бір шөпшегі, яғни Абайға немесе боп келетін Айдос туралы еміс-еміс қана білетінбіз. Есімінің өзі-ақ асыл тегін меңзейтін азаматтың мұражаймен бұған дейін, оның өзі айтқандай, байланысты бола қоймаған. Олай болса, Ақылбаев Айдос Эрнестұлы туралы біз не біле алдық?

Сонымен Айдоспен оның ұлы атасының ескерткіші түбінде кездесуге келіскенбіз. Ол уағдалы уақыттан кешікпеді. Ұлы ақынның ұрпағын сырт келбетінен-ақ тас тұғырдағы хас мүсінге ұқсаттым. Бұл ретте оның Ұлы ақынға қаншалықты ұқсайтынын оқырман өзі ажырата жатар. Бірақ, жүзі алғаш жарқ еткенде-ақ ол бізді ерекше жылы әсерге бөледі. Қарсы алдымызда өтірігі жоқ, сабырлы да байсалды азамат отыр-

ды. Оның басқадай емес, тап осындай болып шыққанына әбден қуанышты едік.

Ең әуелі, Абай ескерткішінің жанында суретке түсе бастадық. Танертенгі сағат тоғыздар

ш а м а с ы н - да жарқырай шыққан мамырдағы күн шапағы фотоаппаратқа шағылысып, біраз әуреге салса да Айдос қабағын шытпады. Ол фотографтың көрсеткен жеріне жеңіл барып,

дархандық танытқан. Бұдан соң, әңгімеміз дастархан басында жалғасты. «Ол өзі мен туыстары туралы айтады, біз сөзін бөлмей тындаймыз» деп келістік. «1967 жылғы 7 ақпанда дүниеге келіпін, - деп сабақтады Айдос өз естелігін. - Әкем Эрнест 1983-ші жылы қайтыс болған, Талғар механикация техникумының түлегі. Ал, Бағфур одан төрт жыл бұрын о дүниелік болған екен. Алматының іргесіндегі Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында Бағфур ағамыз селекция мектебінің директоры лауазымын атқарған.


Бала кезімізде Данияр және басқалары бар атамның үйінде жиі бас қосатынбыз. Оның әкесі – Айдар аға мұнайшы, қазір ол кісінің кәсібін Данияр жалғастыруда. Анам – Ақылбаева Эльну-

ра Ахметқызы осы Алматыда тұрып жатыр. Өз басым Алматыдағы орта мектепті бітірген соң, Украинаның Криворожск қаласындағы Авиаучилищеге оқуға түскен едім. Бірінші жарым Светланамен де сонда табыстым, Тбилисиде Кеңес армиясы қатарында болдым. Аталмыш оқу орнында авиақұралдардың техник-электригі мамандығын алған соң, Алматы аэропортының Біріккен авиаотрядында қызмет еттім. Кейін осындағы итальяндық құрылыс фирмасында жұмыс жасап, аэропортың қаржылық жағдайы қожырағанда жеке кәсіпкерлікті тандап, құрылыс саласында еңбек етіп келемін. Бірінші некеден Александра Старикова – Ақылбаева деген қызым және одан Ника атты немерем бар. Олар қазір Саратов облысының Балаково қаласында тұрады, қызымның интернетте жеке парақшасы бар.

Ал, қазіргі жарым Батырбекова Тамара Әуезханқызы (әкесі- қазақ, анасы-татар) екеуіміздің ортақ баламыз жоқ. Алланың өмірі солай шығар, жас кезімде барша туыстарым бір жакқа шыққандарында сәбилерін ержетіп қалған маған тастап кетуші еді. Бұл орайда Абай ағамыздың ұрпақ жалғастығын үзіп алмау, бізден «тұқым» алып қалу туралы әңгімелерге күлгеннен басқа амалым жоқ. Себебі, ең алдымен «адамның баласы болуға, адамзатты сүюге» үндеген Ұлы Адамның артында қалдырған асыл мұрасына тең келер ештеңе жоқ».

Ұлы ақынның ұлағатты ұрпағымен үнсіз келістік.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің баспасөз-қызметі



Туған өлке табиғаты

ОСПАН КӨЛІНІҢ ҚАДІРІН ҚАНШАЛЫҚТЫ БІЛЕМІЗ?



Абай елі, ұлылар жері де алаштың маңдайына біткен бірегей өлке. Бұл атырапта тылсымы терең, табиғатымен тамсандырар жерлер баршылық. Ал қолда барды бағалап, қадіріне жете білгенге не жетсін?! Иә, Шығыстаудың тарихы тереңде, өткені мазмұнды. Маңдалабыз иезімізге толы мазарларымен, тарихи көне жәдігерлерімен де құнды. Кейінгі буын біз жүрулері үшін, жәді-ларына түйе жүрулері үшін барлығына да белгі қою керек. Түгендеп, көздің қарашығындай қорғап, кейінгі буынға, келергі ұрпаққа аманаттау қажет.

Сол орындардың ішіне Қарауылдан 32 шақырым қашықтықта орналасқан Оспан көлі де кіреді. Жаз бойы көлге қарай сабылатын халық нөпірі тіптен көбейеді. Соңғы жылдары алыстан ат арытып келетін туристер де Жидебайдағы тарихи құнды жерлерді аралап шыққаннан кейін Оспан көліне бет бұратын игілікті үрдіс қалыптастыруда.

Тарихтан аз-кем тәбәрік. Жидебайдағы Абай қорық мұражайының менгерушісі Әсет Мырзақасымның айтуынша, атышулы Мұсақұл шайқасынан соң Бөкей мен Құнанбай арасындағы айтыс-тартыс бірде өрішіп, бірде бөсенсіп, ақыры бұл «мәселе» 1850 жылдары Құнанбай ұрпақтарының иелігіне бір жолата көшеді. Жидебай өңірінің тағдыры осылайша өзге арнаға түседі.

Аға сұлтандықтан түссе де Тобықтыға әлі де пәрмені жүретін, әрі би ретінде билігі бар Құнанбай 1861 жылы үш баласы Тәңірберді, Ыскақ, Абайды бір күнде үйлендіріп, сырт жайлауда құда күтіп, отау тіккізіп ұлан асыр той жасайды.

Тойдың да, жайлаудың да қызығы тарқап, ел бауырға түсерде Құнанбай үш баласына теңдей енші беріп, «алыс Ақшөккіні қоныс қыласындар» деп ұйғарым жасайды.

Құнанбайдың тағы бір шешімімен Ұлжаннан туған кенжесі Оспан мен Айғыздан туған Смағұлға Жидебай бұйырады.

Осы төрттіппен Жидебайда Құнанбайдың қос әйелі Ұлжан мен Айғыз тұрақтап, кәрі әже

1885 жылы Жидебай қонысы Оспанның еншісіне тиген соң көл Оспанның иелігіне өтеді. Сөйтіп, соның атымен аталып кеткен екен. Көл Жидебай қорығының оңтүстік-батыс аумағында орналасқан. Көлге шығыс жағынан бару мүмкін емес, өйткені ол аумағы батпақты, сазды болып келеді. Көлдін суы аса тұзды. Сол себептен де емдік қасиеті бар.

Ел арасындағы әңгімеге сүйенсек, қышыма қотыр мен аллергиялық сырқаттарға, тері аурулары мен безуге таптырмас ем екен. Әрине, Оспан көлі Абай елі үшін үлкен мүмкіндік. Анығырақ айтқанда, ауданға

Бүгінде екі катамаран, 1 үрмелі қайық, 2 киім ауыстыратын жер, 2 әжетхана, балалар үшін суға түсуге арналған киімдер алғызған кәсіпкер Оспан көліне келушілерге тек қана соңына қалдырған қоқыстарын жинап, тазалықтың сақталуын қатаң ескертеді. Осы орайда, «Жасыл ел» жасағының жастары осымен бірнеше рет жұмыла көмек көрсетіп, көл айналасын тазартып, еселеуі шара жүргізгенін де айта кетуіміз ләзім.

Десекте, Оспан көлінің көркейер келешегі алда тұрса, Мәселен, келесі жылы көл жағасына келушілер игілігіне арналған вагонды тұрғын үйлер мен киіз үйлер құрылмек. Сонымен қоса, аудан кәсіпкерлерін көл жағасында сауда жасап, тағам, сусындар сатуға шақырған кәсіпкер алда тағы талай шаруаның қолға алынатындығын айтады.

Заманында Жидебайда Құнанбай құдығының қайта жаңғыртылуына мұрындық болған белгілі кәсіпкер алдағы уақытта Құнанбай қажыға да ескерткіш орнатуға демәушілік жасайтынын алға тартады. Иә, Абай ауданында емге шипа, тұзды көл бар деген сөзбеніңдер де бар шығар. Мұндай түсініктің қалыптасуына Оспан көлінің БАҚ беттерінде айтылмай, ел арасында дұрыс жарнамаланбай жүргені себеп дер едік. Бұл ретте, Павлодар облысындағы Шошқалы, Үржардағы Алакөлге сабылатын абайлық қауымның өзі де іргеміздегі Тәңірінің тартуына ат ізін салғаны, жаз қызығын көл жағасында өткізгені абзал дер едік. Рас, осы орайда ауданымыздағы аталмыш көлдің



туристер тартуда әлбеттілік әкелетін бірегей жоба қарастыруға болады.

Бұл ретте алғашқы бастама жасалынып та жатыр. Мәселен, Абай ауданының құрметті азаматы, мәслихат депутаты, белгілі кәсіпкер, ауданымызда талай іргелі шараларға демәушілік жасаған Ардақ Белібаев ағамыз осы Оспан көлінің бойынан демалыс орнын ашуға бар мүмкіндікті жасауға тырысуда. Іскер ел ағасының бастамалары қатарында «Оспан көлінің жағалауын ретке келтіріп, туристік орынға айналдыру» міндеті де бар.

суына лабораториялық сараптама жүргізіп, шипалылық деңгейін, минералды құрамын анықтау да күн талабында тұрған жайт. Аmandық болса, ол туралы да танымдық мақала әзірлерміз.

Ал сіздерге айтарымыз, келіңіздер, Ұлылар елінің ұлы тұлғаларына зиярат етіп, саф ауа-сымен тыныстап, Жидебайдағы Оспан көліне шомылып, жанға дәру, төнге шипа тауып, демалып қайтыңыздар!

Анар СӘРСЕНБИНА,
«Абай елі»

ӘУЛЕТІНІҢ АСЫЛ АНАСЫ

«Ұстаздардың ұстазы» атанған көрнекті ақын, әйгілі абаитанушы, дарынды әдебиетші, ғалым Көмен Оразалин ауылда отырып-ақ қалам тербеп Алашты мойындапқан қаламгерлердің бірі. Көмен ұстаз Абай елінде 40 жылдай қызмет етіп жүріп, Қазақстан мектебіне еңбегі сіңген мұғалім атты құрметті атаққа да ие болған бірегей жас. Расында оған елде жүріп-ақ еңбек етуге ақыл-кеңес берген ұлы ұстазы, ұлт ұстазы Мұхтар Әуезов еді.

Көмен Оразалиннің еңбектерінің ішіндегі шоктығы биік туындысы – «Абайдан соң» атты еңбегі кезінде төрт кітаптан тұратын романдар сериясы болып басылған-ды. Осы еңбегі жайлы жазушы Әзілхан Нұршайықов: «Абайды Мұхтар аркалап әлемге танытса, әлем білген Әуезовты аркалауға иығын Көмен тосты. Алыпты алып арқалайды деген сөз осыдан шығады», - деген болатын.

Иә, бар ғұмырын ел руханиятына арнаған абзал қаламгердің тұңғышы Қуандық та әке жолын қуған ұстаз. Рухани тағылымы мол ортада дүние есігін ашқан Қуандықтың есімі руханият саласымен тікелей байланысты. Ол 1946 жылдың шілде айында Сабырбай ақынның Сарышоқысындағы Қуандық ауылында дүниеге келеді. Осындай қасиетті жерде туылған оған Қуандық есімі берілген екен.

Көмен аға бірде Абайдың өмірі мен шығармашылығы жөнінде деректер жинап жүріп, Шар қаласына, Сабырбай ақынның жисіні, Қуандықтың баласы, халық ақыны Төлеу Көбдіковтың үйіне түседі. Сөз арасында Көмен: «Төке, біздің үйдегі келініміз

береке-бірліктің ұйытқысы болған жан еді. Атасы да еліне сыйлы азамат тұғын. Осындай ата-әне мектебінен сүрінбей өткен Қуандық іскер де пысық келін атанса, Амантай да отбасының «алтын қазығы», жанұяның қамқоршысы, жолдасының сенімді серігі бола білді. Ғасыр тұлғасы атанған Көмен ағаға құрметпен қарап, туған баласындай болды. Шырақтың шырайы

сыйластықта екенін сезінген Амантай мен Қуандық жұптары жарасқан жанұя иелері атанды. «Абысын тату болса, ас көп» дегендей, Амантайдың жемгесі Қайыныштың (марқұм Қадірдің жолдасы) туған сіндісіндей болып, күні бүгінге дейін алдынан кесекөлднен өтпей, сырласып, сыйласып келеді. Апа мен сінділей олар әрқашан бір-біріне де-меу болып отырады. Бірінің баласын бірі өз баласындай жақсы көріп, тәрбиелеген шы-



үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Жолдасы Амантай да абыройлы болды. Қызмет бабымен аудандағы Бірлік, Құндызды, Архат ауылдарында басшылық қызметтер атқарды. Қуандық та сол елді мекендерде ұстаздық етті. Амантайдың халықпен жақсы қарым-қатынасып, тіл табысып кетуіне отбасындағы жарының да ықпалы болғаны белгілі. Сыпайы да сырлы, байыпты да байсалды мінезімен адамдардың көңілінен шығып қана қоймай, ел қадірлейтін жан бола білді. Солайынша жолдасына сенімді де ақылды серік болды. Қиналғанда сүйенер сүйеніші де бір өзі еді.

Ел басқаруда тәжірибесі мол Амантайды басшылық директор етіп, үнемі әр ауылға жіберіп отыратын-ды. Ол өзі басшылық еткен ауыл-аймақтың экономикасы мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға айырықша көңіл бөлді. Оның ең соңғы басшылық еткен ауылы Қасқабулақ еді. Қасқабулақ - ұлы Абай мен дана Мұхтардың өмірлерімен тікелей байланысты, қасиетті де тарихи жер. Олай болса, мұндай жерде басшылық ету үшін үлкен жауапкершілік пен ыждағаттылық керек. Амантай осындай жауапты міндетті абыроймен ойдағыдай атқарады. Осы арқылы сый-құрметке кенелді.

Абай ауданы - Бөрліден басталады. Ұлы да қасиетті жер Жидебайға жол тартқан адам ең бірінші Бөрлі, Қасқабулақ-сырт Қасқабулақ топырағына аяқ басады. Осы елді мекеннің көрер көз үшін әрдайым жақсы болмағы Амантайдың күнделікті жұмыс жоспарынан, назарынан түскен емес. Соның арқасында Абай еліне келген қонақтардың бәрі жоғары көңіл-күймен, үлкен әсермен қайтатын. Керек десеңіз, одақ ыдыраған шақта көптеген ауыл-аймақтардың мекеме ғимараттары тоз-тоз болғанда, іскер басшы Амантай өз ауылының бірде-бір нысанын талан-таражға түсуіне жол бермеді. Ауылын сол қалпында сақтап қалуға барынша тырысты. Сақтай отырып, кейін барлық ғимаратқа заманға

Бүгінде ұл-келіндері Асхат пен Гүлнұр, Асқар мен Айзат ата-аналарынан алған тәрбиелерін, көргендерін елге айғақтауда. Анары Курчатов қаласында дәрігерлік қызметте, Айзаты философия ғылымдарының кандидаты, Шөкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің философия кафедрасының меңгерушісі. Асхаты Қасқабулақ ауылының әкімі, ал Асқары «Қасқабулақ» ЖШС-нің атқарушы директоры, Назымы ана жолын қуған ұстаз, Айгүлі Астана қаласының қазынашылық бөлімінде басшы. Салтанат пен Шұғыла мұражай қызметкерлері. Салтанат Семейдегі Абай мұражайының, Шұғыла Астана қаласындағы мұражай қызметкері. Күйеу балалары Еркін, Дәурен мемлекеттік құқық саласында қызметте, Қайрат, Шоқан, Думан, Қайраттар әрбір салада қызмет атқарады. Барлығы да қатарының алды. Елі үшін еңбек етіп жүрген арда мінезді жандар.

Қуандық - бүгінгі бір отбасының ғана емес, күллі бір әулеттің абзал да мейрімді анасына айналған абыройлы жан. Өз анасының мейірімі мен жан шуағына бөленген ұрпақтары да тектілігін танытып жүр. Бойына адами қасиеттің бар жақсысын жинай білген абзал ананың үлгілі де өнегелі істеріне ауыл-аймағы дән риза. Олай болса, біз де Қуандыққа «сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпей», мәнді де ұзақ ғұмыр жасап, қосағымызмен қоса ағарып, бақытты да ба-янды ғұмыр кеше бер дегіміз келеді. Жетпіс жастың биігі тек қана жақсылықтарға жетелесін!

Түгелжан ӘЗІМЖАНОВА,
Қазақстанның оқу-ағарту ісінің үздігі,
Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері.

Аяулы анамыз Қуандық Көменқызын 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен, перзенттік көңілмен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, бақытты да ұзақ ғұмыр тілейміз!

*Кейпейіл қарапайым, мейірімді анам,
Тілейді саулығыңды барлық балаң.
Туған күн - мерейтойың құтты болсын,
Өткізгін ғұмырыңды болмай алаң.*

*Ұстазсың ұлағатты, тәлім көрген,
Үлгі етіп, шәкірттерің соңына ерген.
Бекзаттық тәрбие алып, текті жерден,
Ат қойып, ақын Төлеу бата берген.*

*Бейнеңе сай келгендей жас білуің,
Сайысса жолда қалар сан сұлуың.
Көрсетіп үлкенге сый, кішіге ізет,
Жатты жасақын еткендей жас жасуың.*

*Ақ көңіл - әдептілік өзіңе тән,
Бергізген әр ортада ерекше мән,
Береке мен бірліктің ұйытқысындай,
«Ел анасы» атанар сендей-ақ жан.*

*Рахмет, әкемізге таңдап алған,
Кезі жоқ, дос-туыстың көңіл қалаң.
Ұл-қызы өскен, жиенді, немерелі,
Әже екенің бүгінде емес жалаң.*

*Бата алдық үлкен әке-шешемізден,
Есесі сый-құрметтің қайтсын бізден.
Өмірің өтсін ары қызықпенен,
Бірзе жасап, қартаймай әкемізбен!*

Ізгі ниетпен: балалары

Асыл әкемізді 70 жас мерейтойымен құттықтаймыз. Мықты денсаулық, ұзақ өмір тілейміз.

*Үлкенге жасап құрметті,
Кішіге болған ізетті.
Жетпіске толды әжеміз,
Ақкөңіл, адал ниетті.*


*Жаны жомарт, мейірбан,
Маңына туыс жиылаң.
Алыс-жақын, жекжатқа,
Дастарханы өзір жайылған.*

*Майда-қоңыр мінезі,
Естілмес қатқыл бір сөзі.
Тәрбие беріп ұл-қызға,
Өнеге болған бір өзі.*

*Келінін ұстап қызындай,
Енесін күткен бұзылмай.
Немере-жиен қоршаған,
«Әжелен» әркез шуылдай.*

*Туыстық қамын ойлаған,
Қамқоры болып баланың.
Туған күнін тойлаймыз,
Осындай асыл ананың.*

Ізгі ниетпен: немерелері



босанып, кішкентайлы болғанбыз. Баламызға Қуандық деп шешеніздің атын қойдық», - деп қалады. Сонда Көменнің өз нағашыларының арауығына бас иіп, анасының атын құрметпен нәрестесіне қойғанына риза болған Төлеу ақын анасы есіне түсіп кетсе керек, бір сәт үнсіз қалады. Содан соң: «Көмен шырағым, балана деген шашуым осы болсын», - деп табан астында төмендегі өлең шумақтарын шығарып, төбәрік ретінде тарту еткен екен.

Балана қойыпсындар шешем атын,
Шешемнің ырым көріп шыққан
затын.
Мақсатың ойлап қойған қабыл
болсын,
Шешемдей аты шулы болсын ақын.
Ішінде болмасам да туған тойдың,
Кештігі жоқ тілектес адал ойдың,
Ат қояры кімдікі, өздерің біл,
Сол атты сіздер қойған, мен
де қойдым, - деген екен.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең» дегендей, сол жаңа туылған сәби бүгінде 70 жасқа толған ұлағатты ұстаз, ардақты да аяулы ана Қуандық Көменқызы.

Қуандық жастайынан алғыр да зерек болып өсті. Мектепті жақсы оқып, бітірген бойда Семейдегі педагогикалық институтқа химия-биология пәні мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түседі. Оны үздік тәмамдап, еңбек жолын Қарауыл ауылында ұстаздықтан бастайды. Сол жылдары Семейдегі зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын ветеринария мамандығы бойынша бітірген Амантаймен көңіл қосып, шаңырақ құрады.

Қуандық ата-әнесіне қадірлі, ел-жұртына қайырымды, инабатты келін бола білді. Береке-бірлігі жарасқан жас отбасының қуанышы еселеніп, жылдар өткен сайын дүниеге шырылдап сабилер келе бастады.

Жас келін Қуандықтың сыртқы келбеті кандай сұлу, көркем болса ішкі жан дүниесі де сондай сұлу болды. Оны күллі ауыл-аймақ өнегелі келін санады. Енесі Қалыш отбасының ынтымағын сақтай білетін,

найы туыстық сезімдеріне тәнті боласын.

Дана қазақта «Ері сыйлаған әйелді елі сыйлайды» деген ұлағатты сөз бар. Қуандық қайын анасы Қалиланы «Әйеләм» деп сыйлап, қайынсіңілілері Алтын, Көмила, Бикендерге қамқорлықпен, құрметпен қарады. Өздерін сыйлаған жемгелерін қайынсіңілілері де қадір тұтты. Туысы Гүлнармен де сыйласып, досындай сырласып, әр кез ақылдасып отырады. Мұны көріп өскен кейінгі қыздар мен келіндер сол үрдісті жалғастыруда.



Әулеттің ибалы келіні Қуандық туыстарының қай-қайсысына да жақындық көңілін білдіріп, ақ дастарқанын жайып, қошеметпен қарсы алудан еш жалыққан емес. Жезде-күйеубалалармен де сыйластығы жарасымды. Қуандық өз әулеті үшін пысық келін ғана атанған жоқ, көкірек көзі ояу көргенділік пен жоғары мәдениеттіліктің үлгісін көрсетті. Туыс-туған, ата-әненің көңілінен шыға жүріп, еңбекте де үздіктер қатарынан көрінді. Қоғамдық істерге белсене қатысып, абыройлы болды. Ұлағатты ұстаздық еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақстан халық ағарту ісінің

сай жөндеу жұмыстарын жүргізді. Осылайша Қасқабулақ ауылы ел қызыға да, қызғана қарайтын елді-мекенге айналды. Амантай мен Қуандық әлі күнге дейін Абай еліне келетін қонақтарды Бөрліде немесе Қасқабулақта қарсы алып, ақ дастарханынан дәм татырып, жылы қабақ, жақсы пейілдерімен қарсы алып, қошеметпен шығарып салып отырады.

«Театр - киім ілгіштен басталады» дегендей, Абай елі туралы әсер алғашқы көрініс, алғашқы пікір - елдің бауырмалдығы мен қонақжайлылығынан көрінеді. Міне, бұл ретте олар елі үшін үлкен еңбек етіп келді.



Сәуле Зәгерқызы атындағы жүлде

ЖАЗАР АУДАРЫЖЫЗ БАЙКАУ!

Биыл ауданымыздағы бірегей басылым «Абай елі» газетінің жарық көре бастағанына 10 жыл толады. Осы орайда басылым негізін қалаушы, қаламы ұшқыр журналист, білікті басшы Сәуле Зәгерқызы атындағы «Шыңғыстаудың Сәулесі» атты шығармашылық байқау екінші жыл қатарынан өткізілмек. Өткен жылы да байқауға ынта білдіріп, қызығушылық танытқан қаламгерлер де өзіндік үлестерін қосқан еді. Биыл бұл жоба өз жалғасын жанаһыл тақырыппен тауып отыр. Сондай-ақ, жыл сайынғы дәстүрге айналдыруды да мақсат етіп отырмыз. Өзекті мәселелерді арқау ететін шығармашылық байқау бұл жолы қоғамның кеселді індеті сыбайлас жемқорлыққа арналып отыр.

Байқауға қатысушы өзге үміткерлермен қарсылас. Себебі байқауға қатысушылар жа-сына шектеу қойылмайды. Тапсырылған мате-риалдар газет бетінде тұрақты жарық көріп, оқырманға ұсынылады. Мақалаларыңыз та-мыз айының 1-нен қыркүйек айының 15-не дейінгі аралықта қабылданады.

1. Байқаудың мақсаты

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру формаларының және әдістерінің тиімділігін арттыру, жұртшылық арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру, азаматтардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру.

2. Байқау міндеті

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті іске асырудың тиімді формаларын іздеу және на-сихаттау.

2. Байқаушыларды қоғамда орын алған сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды және жоюды насихаттау арқылы ынталандыру.

3. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

4. Мемлекеттік қызмет мәртебесін жоғарылату, жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа халықтың сенімін арттыру, қоғам тұрақтылығын одан әрі күшейту.

5. Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру формаларының



және әдістерінің тиімділігін арттыру.

6. Мемлекеттік қызметтегі меритократия, ашықтылық, қолжетімділік принциптерін көрсету.

7. Мемлекеттік органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне талдау жасау.

3. Байқау шарттары:

1. Жолданатын мақала көлемі А4 форматымен бір беттен аспауы керек.

2. Мәтін қарпі 14, интервалы 1,5 (тек электронды түрде)

3. Өлең түріндегі туындылар қабылданбайды. Автор кез келген публицистикалық жанрды қолдануына болады.

4. Материалдар қыркүйек айының 15-не дейін қабылданады. Байқау қорытындысы газетіміздің он жылдығына орай өтетін мерекелік іс-шарада жария етілмек.

5. Әділ-қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

4. Бағалау критерийлері

1. Көтерілген тақырыптың өзектілігі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін ашудағы кәсіби біліктілігі.

3. Тақырыпты ашу тереңдігі.

4. Автормен ұсынылған материалдың жанрлық өртүрлілігі.

5. Жарияланымды қоғамның оң қабылдауы.

6. Жарияланым мәтінінің бұқараға қолжетімді болуы.

6. Жеңімпаздарды марапаттау

Бас жүлде – біреу

I орын – біреу

II орын – екеу

III орын – үшеу

және ынталандыру сыйлықтары беріледі.

Ескерту:

Материалдар (қағаз және электрондық нұсқалары) «Байқауға» деген белгісімен

Халыққа қызмет көрсету орталығының

2-қабатындағы «Абай елі» редакциясына әкелінуі шарт. Материалдарды қабылдау 2016 жылдың 15 қыркүйегіне дейін жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 9-23-43;

Ұйымдастыру алқасы

Этнографиялық туризм

АЙДАРОВЫҢ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫ ЭТНОМӘДЕНИ ФЕСТИВАЛЬДА



Жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтап қалу мен дәріптеу күн тақырыбындағы мәселе саналатыны белгілі. Балалар мұрасына құрмет болып табылатын мұндай шаралар қазіргі таңда біздің облысымызда да түрлі қырынан көрініс табады. Соның бірегейі – этномәдени туризм. Бұл ұлттық ерекшелікпен таныстыру, насихаттау, жоғары мәдениеттілік қана емес, осы арқылы белгілі бір аймаққа туристерді тартып, ішкі әлеуетті арттыруға да жатады.

Жалпылама тоқталар болсақ, этнографиялық туризм – белгілі бір халықтың өмірімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен және тұрмыстық ерекшелігімен таныстыру. Міне, дәл осындай бағытта

облысымызда аймақ басшысы Даниал Ахметовтың назарға алуымен көптеген игілікті бастамалар жанданып келеді. Атап айтсақ, жуырда аймақтық этнографиялық туризмді дамыту мақсатында Өскемен қаласында қолөнершілер фестивалі болып өтті. Облыстық туризм және сыртқы байланыстар басқармасының ұйымдастыруымен өткен осынау шарада аймағымыздың барлық өңірлерінен келген саусақтарынан өнер тамған шеберлер ұлттық бұйымдарды тамашалаушылар назарына ұсынды. Сондай-ақ, аталмыш көрмеде салт-дәстүрімізге тән, әдет – ғұрпымызға етене енген ұлттық мұралар насихатталып, көпшіліктің көңілін сүйсінпей қоймады. Әлбетте, ұлт руханиятының кастерлі ордасы саналар Абай елі де бұл шарадан шет қалмады. Қазақы нақыштағы түрлі

бұйымдарды шебер әзірлей білетін өнер иелері бізде де баршылық. Осынау фестиваль барысында Архат ауылының тумасы Елубаев Айдар Болатқазыұлының ағаштан, сүйектен, теріден жасалған түрлі бұйымдары жұртшылық назарына ұсынылды. Көз жауын алатын, ерекше шеберлікпен әзірленген, ұлтымыздың өнерін жоғары бағалатын ою-өрнекті бұйымдар айрықша талғаммен жасалған болатын. Айдардың қолынан шыққан мұндай туындыларға саудаласушылар да көп болыпты. Аталмыш байқаудың қазақтың қолөнер туындыларын насихаттауда берері мол болғаны анық. Ұлттық дүниелерімізді дәріптей отырып, ішкі туризмді жүйелі жолға қою ісі де аталмыш фестиваль аясында оң шешімін табады деген сенім бар.

«Абай елі» ақпараты

Ашық есік күні

ЕРЕКШЕ МҰҚТАЖДЫҒЫ БАР БАЛАЛАР ЖИДЕБАЙДА

Жуырда Қарауыл ауылындағы арнаулы әлеуметтік қызмет алушы ерекше мұқтаждығы бар балалар мен олардың ата-аналары және Семей қаласының «Асыл» қоғамдық бірлестігінің қызмет алушылары Жидебай мұражайында өткен ашық есік күніне барып қайтты. Балақайлар осынау шара барысында тарихи нысанды аралап, ежелгі жәдігерлермен танысты.

Сондай-ақ, кесек басына барып, қазақтың дана тұлғалары жатқан жерді зиярат етіп, Құнанбай қажы мешіті демәушілік жасаған түскі асты ішіп, кастерлі орынға танымдық экскурсия жасады.

Бір бұл емес, Жидебай мұражайының директоры Әсет Мырзақасымұлы



Ерекше мұқтаждығы бар балалар үшін ашық есік күнін ұйымдастыруға көмек берген Жидебай мұражайының директоры

Ә.Мырзақасымұлына, түскі ыстық асқа демәуші болған Құнанбай қажы мешітінің бас имамы Б.Самырбаевқа, көлікпен камтып, мұражайға барып қайтуға жағдай жасаған мәдениет үйінің директоры С.Нүрпейсов сынды ағаларымызға балалар атынан шексіз алғысымызды білдіре отырып, дендеріне саулық, отбасыларына береке – бірлік, ұзақ ғұмыр, еңбектеріне толағай табыс тілейміз.

С. ӘБДІЛМАНОВА,
әлеуметтік қызмет жөніндегі кеңесші,
Қарауыл ауылы.



ұйымдастырған ашық есік күні барысында балалар мен ересектер арасында Абай оқуларынан арнайы байқау өткен болатын. Бұл байқау барысында Е.Слямжанова, А.Қанағат, Б.Оразғалиева, Е.Мукушев сынды белсенділік танытқан балалар марапатталып, сый-сияпатқа ие болды.



“Абай елі”
Жауапкершілігі шектелуі серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық-саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
Абай ауданы әкімдігі
“Абай елі” ЖШС Директор - Бас редактор Нұржан БАЙТУСОВ
Редакцияның мекен-жайы:
070100 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй.Тел/факс:
9-23-43
e-mail: abay_eli_1@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.

Редакция оқырман хаттарын қайтармайды.

Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01. 07. 13 жылы тіркеліп, N 13720 - Г тіркеу куәлігі берілген.

Газет “Спектр” ЖШС баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Шұғаев к-сі, 30.

Таралымы 2200 дана.
Тапсырыс № 892
2 Баспа табак.